

18/1-75 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

МАРАПАТТАУ ЖҮЙЕСІ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 489-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 489-2026	
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже		3-ші басылым 9 беттің 2 беті	

1.«ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2.«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ				SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі			Е 489-2026	
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже			3-ші басылым	
			9 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3. Жалпы ережелер	5
4. Марапаттау тәртібі.....	5
5. Марапаттауға ұсынылатын үміткерлердің міндеттері.....	7
6. Марапаттау аясындағы жауапкершілік.....	8

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ				SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі					Е 489-2026
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже					3-ші басылым 9 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қараша, №414- V ҚРЗ;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «Е 507-2026. «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі».

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылды:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ				SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі					Е 489-2026
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже					3-ші басылым 9 беттің 5 беті

- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;
 - жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;
 - жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;
 - жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер;
- ҚР – Қазақстан Республикасы;
- «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) марапаттау жүйесі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 7-бабы 36) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомствалық наградалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысына сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомстволық марапаттарымен «ОҚМА» АҚ-ның қызметкерлерін марапаттау тәртібін айқындайды.

4 МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

4.1. «ОҚМА» АҚ-ның қызметкерлері Министрліктің, құрылтайшы мен ректордың Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы, білім беру ісіндегі көп жылдық және жемісті еңбегі, сондай-ақ медицина ғылымы мен білімін дамытуға қосқан зор үлесі үшін марапатталады.

4.2. «ОҚМА» АҚ-ның қызметкерлерін ведомстволық марапаттармен (төсбелгілер), құрылтайшы мен ректордың алғыс хаттарымен марапаттау, көтермелеу қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, шығармашылық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ				SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі				Е 489-2026	
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже				3-ші басылым 9 беттің 6 беті	

белсенділігі, мінсіз қызметі, еңбек қызметіндегі басқа да жетістіктері және өзге де сіңірген еңбегі үшін жүзеге асырылады.

4.3. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволық марапаттары «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілер болып табылады.

4.4. «Еңбек ардагері» төсбелгісімен зейнеткерлік жасқа жеткен, жалпы 40 жылдан астам, соның ішінде денсаулық сақтау саласында кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар, сондай-ақ еңбек қызметінде ең жоғарғы нәтижелерге қол жеткізген тұлғалар марапатталады.

4.5. «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен 15 жылдан астам, соның ішінде денсаулық сақтау саласында білім беруде кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар, сондай-ақ еңбек қызметінде ең жоғарғы нәтижелерге қол жеткізген тұлғалар марапатталады.

4.6. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерін көтермелеу туралы ұсыныстар – 25 қазан "Республика күні" және кәсіби мереке "Медицина қызметкері күні", сондай-ақ өзге де мерекелер мен мерейтой күндерін мерекелеу жағдайы бойынша қаралады.

4.7. «ОҚМА» АҚ-ның Жастар саясаты бөлімі Марапаттау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына марапаттау материалдарын ұсынуды жүзеге асырады.

4.8. Комиссия «ОҚМА» АҚ-ның қызметкерлерін марапаттаудың объективті тәсілін қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде құрылады. Комиссия құрамы «ОҚМА» АҚ-ның ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.9. Комиссия марапаттау туралы ұсыныс енгізілген сәттен бастап, үш күн ішінде шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Егер оған Комиссия мүшелері дауыстарының жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі. Комиссияның шешімдері хаттамамен рәсімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

4.10. Комиссия төменде көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды:

- ведомстволық марапаттау (ведомствалық марапаттан айыру) туралы ұсынысты қанағаттандыру;
- ведомстволық марапаттармен марапаттау туралы ұсыныстан бас тарту;
- ведомстволық марапатпен марапаттау туралы ұсынысты толық рәсімдеу үшін кері қайтару;
- комиссияның ұсынымдары шешім қабылдау үшін ректорға жіберіледі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 489-2026
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже		3-ші басылым 9 беттің 7 беті

- «ОҚМА» АҚ-ның кадрлық бөлімі қызметкерлердің еңбек кітапшасына және қызметтік тізімге марапаттау туралы жазбаны енгізеді;
- ведомстволық марапаттармен қайта марапаттау 5 (бес) жылдан ерте емес жүргізіледі, «ОҚМА» АҚ-ның ішкі марапаттаулары 3 (үш) жылдан ерте емес жүргізіледі. Сол бір наградамен қайта марапаттауға жол берілмейді;
- ҚР Денсаулық сақтау министрінің шешімінің негізінде азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне және денсаулық сақтау саласындағы білім мен ғылымға қосқан жеке үлесі үшін, денсаулық сақтау саласындағы белсенді қоғамдық қызметі үшін "Құрмет грамотасы" (бұдан әрі - "Құрмет грамотасы") және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің алғысы (бұдан әрі - "Алғыс") марапаттау нысанында денсаулық сақтау қызметкерлерін салалық көтермелеу бойынша жүзеге асырылады;
- комиссияның наградтауға ұсыну туралы шешімі хаттамамен рәсімделеді және ректорға келісуге жіберіледі;
- келісілгеннен кейін «ОҚМА» АҚ-ның кадрлық бөлімі марапаттау туралы бұйрық жобасын дайындауды жүзеге асырады.

4.11. «ОҚМА» АҚ-да академиялық адалдық мәдениетін дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға белсенді атсалысқан, сондай-ақ жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді этикалық, қауіпсіз және жауапты қолдануды насихаттауға ерекше үлес қосқан қызметкерлер арнайы **«Академиялық адалдықты дамытуға қосқан үлесі үшін»** марапатымен (Құрмет грамотасы, Алғыс хат) марапатталады.

4.12. Аталған марапатқа үміткерлерді ұсыну кезінде қызметкердің өз лауазымдық міндеттері аясында академиялық адалдық қағидаттарын дамытуда көшбасшылық көрсетіп, үлес қосуы сонымен қатар қатаң сақтауы, оқу және ғылыми жұмыстарда ЖИ құралдарын пайдалану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығы мен құпиялылығын қамтамасыз етудегі жеке жауапкершілігі мен үлгілі қызметі ескеріледі.

5 Марапаттауға ұсынылатын үміткерлердің міндеттері

- «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылар мен әріптестері арасында академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

- Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жастар саясаты бөлімі	Е 489-2026
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже	3-ші басылым 9 беттің 8 беті

6 Марапаттау аясындағы жауапкершілік

- Қызметкер оқу, ғылыми немесе әкімшілік үдерістерде жасанды интеллект құралдарын пайдалану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарының, академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды пайдалана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін **дербес жауапты болады.**

- Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін бұзу академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін әрекет ретінде қарастырылады және мұндай жағдайда қызметкер марапатқа ұсынылмайды (немесе марапаттан айырылады).

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 489-2026	
Марапаттау жүйесі қағидаларын бекіту туралы ереже		3-ші басылым	
		9 беттің 9 беті	

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А.Турабек

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімнің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Г.Л. Елеусизова
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бойынша проректор	Е.Қ.Сәлім
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Турабек Мадина Айдарқызы	Разработано	25.05.2026, 10:44:47	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 13:17:50	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Елеусизова Гулсара Лесовна	Проверено	25.05.2026, 11:01:25	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛСАРА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	25.05.2026, 15:11:21	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАБИШТАЕВ ОРЫНБАСАР, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	25.05.2026, 17:47:43	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СӘЛІМ ЕРБОЛ, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	25.05.2026, 12:50:16	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 13:18:32	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 13:18:38	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
----------------------------------	------------------	----------------------	---------------	---

